

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

оригинала и мышления на языке перевода. Третья точка зрения – психолингвистический подход к изучению синхронного перевода. Психолингвисты рассматривают синхронный перевод как вид человеческой речевой и речемыслительной деятельности. В этом направлении исследования слово «деятельность» является ключевым. Деятельность, имеющая мотив и направленная на конкретную цель – генерацию текста перевода.

Список использованных источников:

1. Пешехонова, Т. Н. Формирование языковых и лингвистических знаний в структуре ассоциативно-вербальной сети // Вестник Московского государственного областного университета. Серия «Русская филология». – 2008. – № 4. – С. 100-105
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: УРСС, 3-е изд., 2003. – 264 с.
3. Нерознак В.П. Лингвистическая персонология: к определению статуса дисциплины //Язык. Поэтика. Перевод. Сб. науч. тр. – М.: МГЛУ, 1996. – С.112-116.
4. Тарнаева Л.П. Концепция языковой личности в контексте проблем переводоведения // Вестник Ленинградского университета. 2008. №2 (13). С.55-68
5. Кушнина Л.В. Языковая личность переводчика в свете концепции переводческого пространства / Л.В.Кушнина, М.С.Силантьева // Вестник Пермского ун-та, 2010. Вып. 6 (12), С.71-75.
6. Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчиков). – М.: Высшая школа, 1989. – 238 с.
7. Серова Т.С. Сбалансированный билингвизм и механизм языкового переключения в устной переводческой деятельности в условиях диалога языков и культур //Язык и культура. 2010. №4 (12). С. 44-46
8. Зинченко В.Г., Зусман В.Г., Кирнозе З.И. Межкультурная коммуникация. Системный подход: уч. пос. – Нижний Новгород: изд-во НГЛУ им. Н.А.Добролюбова. 2003. – 191 с.
9. Лотман Ю.М. О поэтах и поэзии: анализ поэтического текста. – Санкт-Петербург: Искусство. 1996. – 848 с.
10. Зимняя И.А. Психология перевода: уч. пособие. – М.: МГПИИЯ, 1981. – 99 с.
11. Шевченко О.Н. Языковая личность переводчика: на материале дискурса Б.В.Заходера: автореферат дисс... кандидата филологических наук. – Волгоград., 2005. – 20 с.

УДК 81'255

СИМВОЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛІМІ

Жолмағанбетов Ернар Тұрсынбекович

yernar.zht@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қоныратбаева Ж.М.

Әлемнің тілдік бейнесін әрбір ұлт пен сол елдің мәдениеті, тарихы мен әдебиеті, болмысы туралы барлық білімі мен түсінігі құрайды. Кез келген мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер әр түрлі құбылыстар арқылы көрініс табады.

Символдар әр мәдениеттің тарихына, танымына, тұрмысына негізделген. Символдардың жалпы әлемнің тілдік бейнесіндегі маңыздылығы, оның алатын орны ерекше екендігі анық. Кейбір символдар түрлі халықтар мәдениеттеріне ортақ, түсінікті болып келеді, және, керісінше, белгілі бір символ екі адамның ӘТБ-де екі түрлі мағына, тіпті қарама-қайшы мағынаға ие болатын жағдайлар да кездеседі. Сонымен қатар, символиканың бейвербалдық мәні де маңызды болып табылады. Символ астарлы мағынаға бай болғандықтан әркім өзінің ұғым-түсінігінің дәрежесіне сай тереңдеп түсініп, өз мүмкіндігіне

лайық қажетті мәнді табады. Бұл символика ілімінің қаншалықты кең, терең, әмбебап екендігін айқындайды.

«Символ» терминінің алғашқы пайда болуын қарастыратын болсақ, символ (грекше «symbolon» – танымдық белгі, таңба, рәміз, бернелеу) – бір идеяға немесе ұғымға нышан ретінде қолданылатын зат яки әрекет [1]. Символдың жеке категория ретінде пайда болуы еуропалық өркениеттің негізін салушы Ежелгі Грекия елінде орын алды. Ол кезде туыстық, достық, т.б. жақындығы бар адамдар топтың ішінде бір-бірін тану үшін бір-біріне дәл келетін қыштың сынықтарын қолданып, оларды «символ» деп атаған. Уақыт өте келе, ежелгі гректер белгілі бір адамдар тобына ғана жасырын мағынаға ие белгілерді «символ» деп атай бастады, кейін бұл атау басқа тілдерге «символ» сөзінің қазіргі мағынасында ене бастады.

Символдың таңбаларға ұқсастықтары болғандықтан, өзара айырмашылықтарын қарастырдық. Ең бастысы, таңба – нақты тұрақты мағынасы бар ұғым. Мысалы, жол жүру ережелеріне қатысты таңба белгілері тоқтау, жүру, күту секілді іс-әрекеттерді бағдарлам түсі арқылы тек қана шартты ақпарат береді, келесі жасалатын іс-әрекетті нақтылап бағыт береді. Ал символдың мағынасы әлдеқайда кеңірек, тереңірек болып келеді.

Символдың таңбаға ұқсастығы анық, алайда символдың табиғаты күрделі болып келеді. Символды түсіну үшін қарапайым ойлану жеткіліксіз, ол үшін адам сол символға «еніп кетуі» қажет. Символ мен таңбаның ара-жігін ашуда Н. Д. Арутюнованың пікірлерін көрсету орынды:

1. Таңба мен символ өмірдің әртүрлі өрісіне және әрекеттің түрлеріне жатады. Символ адам әрекетінің бағдарламасы мен моделін түзетін болса, таңба адам қолында қарым-қатынас және практикалық әрекет құралы қызметін атқарады. Таңба адам қызметінің сыртқы құбылыстарына әсер етсе, символ оның ішкі наным-сенімдеріне ықпал етеді.

2. Символ жалпы тәлім-тәртіп, мінез-құлық моделін құратын болса, таңба нақты іс-қимылдарды реттейді. Осыған сәйкес жол символдары емес, жол белгілері дейміз. Таңбалар адамның жердегі, судағы, ауадағы қызметін реттесе, символдар өмір жолында кездеседі. Таңбаның мағынасы нақты, дәл болу керек, өйткені онда берілген нұсқаулық дұрыс орындалмауы мүмкін. Өзінің айқындығын жоғалтса, ол нышандалып кетпек. Таңбалар түсінуді қажет етсе, символдар мен нышандар талдау немесе интерпретацияны талап етеді, сондықтан да, «таңбалар конвенционалданады, ал символдар канонданады».

3. Символ адресатсыз және коммуникативтік емес. Ол семиотикалық жүйеде сирек кездеседі. Символ, тіпті образды ойлауға жақын – көркем, мифтік, діни ойлау, ал таңба болса, қарым-қатынасқа тән.

4. Таңба мен символ әртүрлі «қылмыстық» әрекеттер жасауға қабілетті: таңба өтірік айтуы мүмкін, символ алдамшы болуы мүмкін. Символда алдаңсаң, таңбада қателесуің мүмкін. Таңба ерікті түрде бұрмалана алмайды: адресат әрекеті бір мағыналы түрде бағдарламаланған. Символ күшті, бірақ қорғансыз. Оны образ сияқты бұрмалау оңай. Символда таңбада болмайтын демагогия (бос сөз) туындайды. Таңбада тек қана этикеттік монتانалық (лицемерие) пайда болуы мүмкін [1].

Символдың ерекшелігі оның білдіретін бейнесі (образы) мен мағынасы арасындағы үздіксіздік, үйлесімділік, қайталанбас байланыстың болуында. Бейне мен мағына біріге отыра, шартты белгі, аллегория, эмблема, басқа да белгілерден бөлек, біртұтас болады, оның мағынасы басқа бір белгімен берілуі мүмкін. Мысалы, құмыра мен жылан эмблемасын «дәріхана» сөзімен алмастыруға болады.

Символдың құндылықты мәні оны басқа таңбалардан (шартты белгілер, танымбелгілер, аллегориялық белгілік құрылымдар) айрықшалайтын қасиеті. Барлық белгілер тура мағынасында қолданылады, ал символ тек мағыналық қана емес, сонымен қатар, құндылықты сипатқа ие болып келеді.

Ғылым саласында антропоцентристік парадигма пайда болғаннан соң, түрлі ғылым салалары тоғысуы нәтижесінде жаңа ғылыми бағыттар қалыптаса бастағаны белгілі. Осы кезде лингвистиканың жаңа бағыттары концепт, дискурс сынды құбылыстарды тереңірек зерттей бастағанда, символ құбылысы да басты назар объектісіне айналды, себебі символ тек

этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика секілді тіл білімі ғылымының бағыттары назарында қалмай, философия, психология, мәдениеттану сияқты басқа жеке ғылым саларында толығырақ зерттеле бастады. Символ сөзі мағынасының кең ауқымды болуы және жан-жақты зерттелуі себебінен, қазіргі таңда бұл терминнің бірнеше анықтамасы бар.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде келесі анықтама көрсетілген:

Символ (грекше «symbolon» – танымдық белгі, таңба, рәміз, бернелеу) – бір идеяға немесе ұғымға нышан ретінде қолданылатын зат яки әрекет [2].

Әрине, бұл анықтама «символ» терминінің бір қырын ғана сипаттап тұр, оның мағынасын толығырақ ашу мақсатында түрлі ғылым мен түрлі ғалымдардың анықтамасын кеңінен қарастырамыз.

Атақты орыс ғалымы А. Ф. Лосев «символ» терминіне былайша сипаттады: «Всякий символ заключает в себе образ, но не сводится к нему, поскольку подразумевает присутствие некоего смысла, нераздельно слитого с образом, но ему не тождественного. Образ и смысл образуют два элемента символа, немислимые друг без друга. Посему символы существуют как символы (а не как вещи) только внутри интерпретаций [3]. Демек, «символ» «таңбаға» қарағанда тереңірек мағынаға ие, астарлы, жасырын, тылсым ойды жеткізу немесе анықтау мақсатында қолданылатынын айтуға болады..

Ф. И. Гиренюк «спецификой символа является указание на сверхреальное» деп символдың тағы бір ерекшелігіне назар аударды [4].

Ал Ю. С. Степанов символ ұғымын ғылыми емес, поэтикалық және оның нағыз мағынасы поэтика жүйесінде танылады деп есептейді.

З. К. Темірғазина пікірі бойынша: «Символ – (от греч. symbolon – знак, условный знак) – это вещь, награжденная смыслом. Например, *дерево* предметно, вечно, осязаемое и зримо, имеет форму и цвет. В русском национальном сознании *береза* выступает символом родины, России» [5]. Байқап отырғанымыздай, адамның еш араласуынсыз, әр түрлі тарихи оқиғалар, табиғи ерекшеліктер, көркем шығармалардың нәтижесінде белгілі бір сөз немесе зат символ дәрежесіне көтеріле алады. Мысалы, қазақ халқының музыкалық аспабы – домбыра жалпы деректік ақпараттық мағынасымен қатар, ерекше символдық мәнге ие. Өзінің әуені арқылы-ақ сөзбен айтсаң жеткізе алмайтын ойды жеткізеді. Осындай қасиеттері арқасында қазақ халқының санасында домбыра қазакилықтың символы деген түсінік қалыптасқан. Бұны біз келесі мақалдан-ақ бақылай аламыз: «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра».

Философия ілімінде де өзіндік анықтамасы бар. Философиялық энциклопедиялық сөздіктерде символға мынадай анықтама беріледі:

«Символ – (грек. symbolon) – айрықша таңба; белгілі бір идеяны жандандыратын таңба, образ; мәнімен байланысы жоқ белгілі бір топ адамдары ғана елейтін, көзге көрінетін, сирек естілетін құрылым» [6]. Осы философиялық анықтаманың символдың алғашқы қолданған кездегі мағынасына біраз жақын екендігін байқауға болады, яғни оның ерекшелігі, бір идеяны білдіруі, белгілі бір адамдар тобына ғана түсінікті болуы (қыш сынықтар).

Мәдениеттану энциклопедиясында символға төменгідей анықтама беріледі:

1. Символ – табиғи формалданған тілдерде – таңбаға сәйкес келетін таңба;

2. Символ – өнердің философиясы мен эстетикасында – өмірді өнер арқылы образды түрде қабылдаудың универсалды категория спецификасы, өзінің таңбалық бейнесінде көрініс табатын әдеби шығарманың элементін қамтиды;

3. Әлеуметтік-ғылыми ғылымдарда – мазмұны өзге объект мағынасының конвенционалды аналогы ретінде коммуникативті немесе трансляциялық процесте таңба бола алатын материалды мәдени объект [7]. Бұл анықтамалар символ ұғымына мәдениет, өнер тұрғысында сипаттама береді.

Символдың көркем шығармада алатын орны ерекше. Шетелдік және отандық көркем шығармаларда символдың қолданылуы жиі орын алады. Шығармада берілген «символдың» мән-мағынасын түсіну – тұтас шығарманы түсінудің басты кілті. Мысалы,

Ф. С. Фицджеральдтың «Ұлы Гэтсби» шығармасында «жасыл шам» басты кейіпкердің өмірлік үмітінің символы ретінде қолданылған.

Символдарды қарастырғанда «символика» термині кездеседі. Чудинов сөздігінде «символика – символ туралы ғылым; нақты образдар арқылы идеяларды жеткізу туралы ғылым» деген анықтама берілген.

Қазақ тілі әдеби сөздігінде келесі анықтама жазылған: Символика – символдар жинағы [8]. Символика символдарды, олардың мағынасын және қолданылуын топтасырады, жүйелейді. Символиканың бірнеше бағыттары бар: геральдика, спорттық символика, мемлекеттік символика, ғылыми символика (медицина, физика, математика, т.б.) және т.с.с.

Құндылықты мағынасының сипатына байланысты символдарды бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады:

Тарихи символдар: Бородино алаңы – орыстың әсери даңқы символы, Мысыр пирамидалары – ферғауындардың ұлылығы символы, т.б.

Діни символдар: күмбез, крест, икондар, т.б.

Мифологиялық символдар: Прометей образы – адамның сыртқы күштермен шайқаста өзін-өзі танытуы символы.

Идеологиялық және насихаттық символдар: түрлі бағдарламалар, ұрандар, идеология, конституция, т.б.

Түс атауларына қатысты символдар: ақ – тазалық символы, аспан көк – еркіндік символы, т.б.

Жалпы, адам санасын символдарсыз елестету мүмкін емес, себебі әлемді адамның миында белгілер мен символдар ретінде бейнелейтін адам санасының табиғаты сондай. Символды тарихи категория деуге болады, себебі уақыт өте келе әртүрлі себептерге байланысты белгілі бір символдар өзінің өзектілігін жоғалтып, көнеріп, ӨТБ сахнасынан түсіп жатса, сәйкесінше, әлемнің дамуына орай жаңа символдар пайда болып жатады.

Қорытындылай келе айтатынымыз, таңба, таңбабелгі, шартты белгі, т.б. тілдік бірліктерге қарағанда, символдың мазмұны күрделі мен мағынасы кең ауқымды болады, бейвербалдық мәнге де ие бола алады. Сонымен қатар, символдың әмбебап болуы оны түрлі мәдениеттерге ортақтастырады. Символдар адам өмірінде, танымында маңызды рөл атқарады, символдар жүйесі шетсіз әрі шексіз.

Ежелгі Грекияда әлеуметтік қажеттілік ретінде пайда болған бұл құбылыс қазіргі уақытта антропоцентристік парадигма кезеңінде молынан зерттеле бастады. Әрбір ғылым өкілдері бұл құбылысқа өздігінше сипаттама бере отыра, оны толықтырып, толық мағынасын ашуға үлестерін қосып жатыр.

Символдар басқа тілдік бірліктер немесе белгілер секілді түрлі кезеңдерден өтіп тұрады, оның барысында бірі сақталса, екінші жойылып, үшінші бір символ пайда болып жатады, яғни динамикалық күйде болатынын айта аламыз.

Символдар адамның күнделікті іс-әрекетінде, тәрбиесінде, танымында, мәдениетінде, тілінде, өмірінің барлық саласында көрініс табады. Бүгінгі ғылым үшін символдарды зерттеу – өзекті мәселе. Өзінің мағынасы, құрылымы, мазмұны бойынша күрделі құбылысты түсіну жалпы адамзаттың дамуына жасалатын маңызды қадамның бірі болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Анесова У. Г. Әлемнің тілдік бейнесіндегі символдар жүйесі. // Алматы. 2014, 27 б.
2. М. Бұралқыұлы. Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігі. // Алматы. 2008, 490 б.
3. Лосев А. Ф. Очерки античного символизма и мифологии. Москва: Наука, 1993. 635 б.
4. Гиренок Ф. И. Аутография языка и сознания. // Москва: МГИУ, 2010. 176 б.
5. Темиргазина З. К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. Павлодар. 2002. 43 б.
6. Философский энциклопедический словарь. // Инфра. Москва. 1999. 413 б.
7. Культурология. XX век. Энциклопедия. 2-том. // СПб: Университетская книга. 1999. 199 б.

8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том.// Алматы: «Арыс» баспасы. 2013. 194 б.

УДК 81'25:821.161.1

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА РОМАНА АРТУРА ХЕЙЛИ «ОТЕЛЬ» НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Запека Марина Валерьевна

wow_marinka@mail.ru

Студент специальности «Переводческое дело» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан Научный руководитель – к.ф.н., доцент Бейсембаева Ж.А.

Современная наука о переводе занимается изучением большого ряда теоретических и практических проблем, к числу которых относится художественный перевод или перевод произведений художественной литературы. Изучение проблем перевода художественных произведений охватывает и такую актуальную и во многом малоизученную сферу художественного перевода, как авторский стиль и особенности его воспроизведения в переводном тексте.

Канадский писатель Артур Хейли (род. в Англии 5 апреля 1920 г.), будучи школьником, показывал отличные успехи, любил читать, писал небольшие статьи в местную газету, но был вынужден бросить обучение в возрасте 14 лет, так как его родители оказались в затруднительном материальном положении и не смогли оплачивать его дальнейшее обучение, а конкурс на единственную стипендию оказался для него безуспешным. В течение трех лет он работал прислужником, тогда же окончил курсы стенографии и машинописи, которые оказались полезными для его будущей профессии. В 19 лет Хейли записался в Королевские военно-воздушные силы. Он получил офицерское звание и, пройдя подготовку в Канаде, стал пилотом. В 1945 году его отправляют на литературные курсы в Англию, по окончании которых он становится редактором журнала “AirClues”. После Первой Мировой войны он переезжает в Канаду. Сменив несколько работ, в 1956 году Артур Хейли становится профессиональным писателем. Первым его успехом в качестве писателя стала пьеса «Взлетная полоса 08», по которой был поставлен телевизионный спектакль. В 1959 г. выходит его первая книга «Окончательный диагноз», в которой исследуются причины фатальной врачебной ошибки.

Уже с первых книг Хейли начал поднимать социально-значимые вопросы, на которые пытался ответить сам. Особенностью каждого произведения является наличие у его героев финансовых проблем. Бедность, в которой он жил в детстве и юношестве, его угнетала. Своими романами он старался «достучаться» до властей и чиновников. Но больше всего читателей привлекало то, что главными героями Хейли всегда были обычные люди, которых заставляли действовать какие-либо обстоятельства. В 1965 году выходит его роман «ОТЕЛЬ», по которому в дальнейшем был снят не малоизвестный сериал. Для написания этого произведения Артур Хейли изучил 27 книг по гостиничному бизнесу, что побудило многих критиков предположить о скудности его литературного таланта. Переводили этот роман В. Коткин и К. Тарасов. В 1968 году выходит не менее успешный роман «Аэропорт», где Хейли рассматривает тему технического прогресса и его влияния на современное общество. Последний его роман «Детектив» вышел в 1997 году. В сентябре 2004 года Артур Хейли перенес инсульт, и 24 ноября 2004 скончался от повторного инсульта.

Роман «ОТЕЛЬ» – это выдающееся произведение, которое приумножило славу Артура Хейли как талантливого писателя. Оно насыщено эмоционально и завершено логически. Хейли очень красочно передал жизнь самого крупного в Новом Орлеане отеля «Сент-Грегори», но переживающего времена финансового кризиса. Его владелец Уоррен Трент не имеет желаний что-либо менять, у персонала пропала мотивация работать, многие работники